



**МИОМЕТРИЯҒА
ӘСЕР ЕТЕТІН
ДӘРІЛЕР**

Миометрия- жатырдың бұлшық етті жүйесі. Миометрияның ырғақты жиырылуын күшейтетін дәрілер тек клиникалық жағдайда босану ағынын жеңілдетеді.

Миометрияда М- холинорецепторлар α - β 2 адренорецепторлар орналасқан.

Миометрияның секреторлы белсенділігіне :

- 1) Экстроген(әйел жыныс гормоны);
- 2) Окситоцин (гипофиздің артқы бөлігінің гормоны);
- 3) Простогландин қуаттандырғыш әсер көрсетеді.

Миометрияның жиырылу белсенділігін қуаттандыратын дәрілер.

Окситоцин тобының препараттары: окситоцин, метилокситоцин, дезаминокситоцин, питуитрин, гифотоцин.

Окситоцин- миометрияның ырғақты жиырылуын тудыратын гипофиздің артқы бөлігінің гормоны. Окситоцинге жатыр жүктіліктің соңғы айларында әсіресе босану кезінде сезімтал келеді. Окситоцин мерзімінен бұрын су кеткенде тиімді. Окситоцин сүт бездерінің секрециясын жоғарлатады. Жамбас пен ұрықтың өдшемі сәйкес келмеуінде, ұрықтың көлденең қиғаш орналасуында, жатырдың жиырылу қауіпінде, кесар тілігінен кейінгі жатыр тыртығында қолдануға болмайды.

Питуитрин- жануарлар гипофизінің артқы бөлігінен алынатын сулы сығынды. Құрамында окситоцин мен вазопресин бар. Ағзада судың сіңірілуін төмендетіп, АҚ- Ы жоғарлататын әсері бар. Қолданылуы окситоцинге ұқсас, антидиуретикалық қасиетіне байланысты қантты емес диабетте және энурезде қолданылады. Қолдануға қарсы көрсеткіштер: гипертониялық ауруларда, айқын атеросклерозда, миокардитте, сепсисте, жүктіліктің нефропатиясында қолдануға болмайды.

Простогландин тобының препараттары: динопрост, динпростон.

Простагландиндер- ағзаның барлық мүшелерін мен ұлпаларында түзілетін, жартылай қаныққан май қышқылдарының туындысы болып табылатын биологиялық белсенді заттар. Простагландиндер босануды қоздыру, қуаттандыру үшін, сонымен қатар медициналық көрсеткіштері бойынша жүктіліктің соңғы айларында оны тоқтату үшін қолданылады. Жанама әсері: оқсу, құсу, іш өту, тахикардия, бронхоспазм, аллергиялық реакция.

2. Тек миометрия тонусын жоғарылататын дәрілер.

Бұл препараттар миометрияның жиырылуын сергітетін заттар, ол кезде қан тамырлары қысылып, қан кету тоқтайды. Жүктілікте және босануда қолдануға болмайды.

Қара күйе алкалоидтары: эргометрин, метилэргометрин, эрготамин, эрготал.

Қара күйе- дэндә өсімдіктердегі паразитті саңырауқұлақ. Эргометриннің белсенділігі жоғары болып келеді. Эрготамин ми қан айналым жүйесіне әсер етіп, мигренде қолданылады. Қара күйе алкалоидтары ОЖЖ- не тынышталдырғыш әсер етіп, климакстық неврозда, вегетивті дистонияда т.б. Бұзылыста қолданылады. Жанама әсері: көбінесе эрготаминде байқалады: лоқсу, құсу, іш өту, әлсіздік.

Синтетикалық препараттары: котарнин.

Котарнин- қан кетуде қолданылады, қара күйе алкалоидтарына қарағанда әсері әлсіз.

3. Миометрия тонусы мен жиырылуын төмендететін дәрілер.

Жүктілікті көтере алмаушылықта және мезгілінен бұрын босану қауіпінде, босану кезінде операцияға дайындау алдында қолданады.

B₂ – адренмиметиктер: фенотерол, сальбутамол, гексопреналин, ритодрин, тербуталин.

B₂- адренорецепторларды қуаттандыру нәтижесінде миометрияның тонусы мен жиырылу қызметі төмендейді.

М	Е	Г	П	Ж	Р	А	Л	І	К
И	Ч	Н	М	У	К	Т	І	Ы	В
О	М	Е	Т	Р	И	Я	Д	И	Н
П	Э	К	О	Ч	Ч	Ы	Д	Э	О
И	К	Ч	К	С	И	Т	О	Ц	П
Т	С	Т	Р	О	Г	Е	Н	И	Р
У	Г	И	Ф	О	Т	О	Ц	Н	О
И	Т	Р	И	Н	Л	Н	И	Т	С